



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№27 (1809)
3 шілде
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры:

ЕЛОРДА ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІ АЙШЫҚТАЙДЫ

Ұлы даланың
төсінде алты қанатты
Ақордасын тігіп,
Алаштың айбынын
асырған Нұр-Сұлтан
қаласының биылғы
туған күні ел
Тәуелсіздігінің 30
жылдық
мерейтойымен
тұспа-тұс келіп отыр.



Туңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әрбір ғимаратын қолымен сызып, жүрегінен өткізген бас шаһардың төл мерекесі әдеттегіден тым өзгеше, айрықша ыстық көрінеді. Сонау 1997 жылдың 10 желтоқсанында қарлы боранға қарамай, арман арқалап Арқаға бет түзеген Ұлт көшбасшысының ізгі мақсатының орындалғанын көру үшін бақыт екені ерекше әсер сыйлайды.

Елбасының «Бұдан былай және ғасырдан-ғасырға осында – ұлан-байтақ елдің күнінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатын

болады. Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады» деген сенімді сөзінің ақиқатқа айналғаны тіпті қуантады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның жарқын жетістіктерін айшықтайды. Туңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың астананы көшіру туралы бірегей шешімі халқымыз

үшін аса маңызды тарихи оқиға болды», – деп, халқымыздың мәртебесін асқақтатып жібергені қуанышымызды ұлғайтып, елдіктің маңызын еселей түседі.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің 2-курс магистранты Алина Андирова «Bilim-orkeneti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық конференцияда «Қоғам белсендісі» дәрежесін иеленіп, «Жылдың үздік түлегі» атанды.

Алина – жылдың үздік түлегі



«Тәуелсіздік – алтын тұғырымыз» тақырыбында өткен ауқымды шарада «Жылдың үздік түлегі – 2021» және «Қазақстанның 100 үздік студенті» байқаулары өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. Мұндағы мақсат – оқу озаты, ғылым, өнер, спорт салаларында жетістіктерімен көзге түскен, қоғамдық шараларға белсене қатысқан студенттерді қолдау. Байқауға Қазақстан мен ТМД елдерінен білім беру ұйымдарының Phd докторанттары, магистранттары, оқытушылары мен жас мамандары, жалпы саны 2000 адам қатысты.

Сонымен қатар конференцияда «ТМД-ның үздік түлегі» атты кітаптың таныстырылымы өтті. Оған ТМД бойынша үздік студенттер мен жас ғалымдардың есімдері енген. Кітапқа енді үздіктер қатарынан көрінген ҚазҰУ магистранты Алина Андированың да өмірбаяны жазылатын болады.

Сондай-ақ ТҮРКСОЙ кафедрасының түлегі Алина Ережепбайқызы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың алғыс хатына ие болды. Марапат оқу орнының қоғамдық өміріне белсенді атсалысқан 180 студентке берілді.

Елбасы саябағы жайқалып тұр

Елбасы саябағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында орналасқан. Бүгінде баққа отырғызылған жеміс ағаштары қалашықтың сәнін келтіріп, жайқалып өсіп тұр.

Желбіреген жасыл желек анадайдан көз тартады. Ағаштардың жұпары қосылған таза ауа тынысыңды ашып, керемет бір әсерге бөлейді. Әсем табиғат көрінісі жанға жылулық, тыныштық сыйлайтындай. Көрікті мекен көпшіліктің көз қуанышына айналып үлгерді.

Көктемде саябаққа алманың «Американка», «Столовка», «Лимонка», «Кандиль», «Золотой превосход», «Белый налив» сынды сорттары егілді. Бұдан бөлек, мұнда шие, өрік, қара өрік көшеттері бой

түзеген. Бақты баптаушылардың айтуынша, отырғызылған 300-ге жуық жеміс көшеті тамыр жайып, жақсы өсіп келеді. Бірқатары биыл гүлдеген, келесі жылы жеміс бере бастайды.

Елбасы айтқандай, «Жасыл желек, бұл – біздің болашақ ұрпаққа, өзімізге және табиғат-анаға жасап отырған сыйымыз». Оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен ҚазҰУ ұжымы осы игілікті іске белсенді атсалысуда.

Сондай-ақ көрнекті ақын



Олжас Сүлейменов ҚазҰУ-ға келген сапарында Елбасы саябағын аралап, арнайы ағаш отырғызды. Ақынның қолымен егілген жасыл желек

«Олжас Сүлейменов» атауына ие болды.

Әйгерім
ӘЛІМБЕК



ҚазҰУ
тәуелсіздік
жылдарында

3



Көреген
басшы,
салиқалы
саясаткер

4



Электромобильдер
дәуіріне дайынбыз
ба?

7

Еліміз биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толу мерекесін кеңінен атап өтеді. Тәуелсіз ел ретінде біз осы жылдары дербес даму жолында маңызды қадамдар жасап, толағай табыстарға қол жеткіздік. Егемен Қазақстанның негізін құру және нығайтудағы тарихи миссия Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еншісінде. Оның басшылығымен кең ауқымды құқықтық, экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар барлық салаларда жүзеге асырылды. Айтарлықтай трансформация ғылым және білім саласында жүргізілді. Төменде осы 30 жылдың ішіндегі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болған айтулы оқиғалар.




даму мәселелері бойынша жаһандық хабын басқару мәртебесіне ие болды.

• 2015 жылы 14 сәуірде ҚазҰУ-да ЮНАИ аясында «Самсунг» инновациялық академиясының ашылу салтанаты өтті.

• 2018 жылы тұрақты даму саласында университеттің басшылық қызметінің қорытындысы бойынша шешім қабылданып, United Nation Academic Impact (БҰҰ академиялық ықпалы) тұрақты даму мәселелері бойынша жаһандық хабын ҚазҰУ 2020 жылға дейін басқаратын болды.

• 2019 жылы 11 наурызда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жаңа Жібек жолы – БҰҰ моделі: Ауғанстанды дамыту жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің «Ауғанстанда бейбітшілік орнатуға арналған Доха кездесуінің нәтижелері» мәселелері талқыланды.

ҚазҰУ тәуелсіздік жылдарында



• 2007 жылы 21 желтоқсанда ҚазҰУ-да Ұлттық нанотехнология зертханасы ашылды.

• 2008 жылы 2 қазанда «КазГУград» арнайы студенттік кинотеатры ашылды.

• 2009 жылы 13 қазанда Президент Н.Назарбаевтың қатысуымен 1000 шаршы метрге орналасқан үш залдан тұратын Әл-Фараби мұражайының ашылу салтанаты болды.

• 2010 жылы 1 қыркүйекте ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің 18 460 шаршы метрге орналасқан жаңа оқу корпусы қолданысқа берілді.

• 2011 жылы 17 қаңтарда ҚазҰУ-дың жаңадан ашылған Экономикалық зерттеулер орталығы жұмысын бастады.

• 2012 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 жоғары оқу орындары қатарына қосылды.

• 2013 жылы ЮНЕСКО Бас директорының білім беру жөнін-

дегі орынбасары Цянь Тан мырза арнайы сапармен келіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азия аймағындағы тұрақты даму проблемаларының хабы болатыны туралы келісімге қол қойды.

• 2014 жылы 15 қаңтарда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің 80 жылдығын кең ауқымда атап өтті. 4 ақпанда ҚазҰУ United Nation Academic Impact (БҰҰ академиялық ықпалы) тұрақты

• 2020 жылы ғұлама ойшыл Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы және ұлы ақын Абайдың 175 жылдығын атап өтуге арналған сериялық іс-шаралар өтті.



• 1993 жылдың 9 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің мәртебесі туралы» арнайы қаулысымен университетке автономды мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесі берілді және ол Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болып өзгертілді.

• 2001 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алғашқы болып ұлттық университет ерекше мәртебесі берілді.

• 2004 жылы 15 қаңтарда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құрылғанына 70 жыл толуы аталып өтті.

• 2004 жылы ақпанда Президент Н.Назарбаев құрамына 14 жаңа объекті кіретін ҚазҰУ қалашығы құрылысының ІІ кезеңін бастауға тапсырма берді.

• 2004 жылы 2 қыркүйекте Елбасы Н.Назарбаев университетке келіп, Чех Республикасының Президенті Вацлав Клауспен болашақта салынатын ҚазҰУ кітапханасының орнына тас қою салтанаты болды.

• 2006 жылы ҚазҰУ сапа саласындағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанған мемлекет тарихындағы бірінші жоғары оқу орны болды.

• 2007 жылы 5 ақпанда білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-ға келіп, «Үздік ұстаз» грантын тапсырды.

Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінде тарихи романдардың көптеп жазылғаны белгілі. Оның ішінде әсіресе Қазақ мемлекетінің құрылуы, ұлт, мемлекет статусымен алғаш тарих сахнасына шығуы, басқарушы хан, сұлтан, би, көсемдердің қайраткерлік, билеушілік қырын, саясатын көркем әдебиетте кескіндеген шығармалар жарық көрді.

Халық арасында ел басқарушы Н.Назарбаевтың айналасын шапшаңдықпен, жылдам шола алатын қабілеті – көзінің өткірлігі оның сыр-сымбатының өзгешелігіне баланса, тағы бірде саяси басшылық қызметтегі

даулар ыңғайында бедерленеді. Туындыға басты оқиғалар өтетін кеңістік ретінде көп жағдайда Астана және Алматы қалалары таңдап алынып, Қазақстан азаматтарының жеке мемлекет статусына ие болған алғашқы жылдарындағы

тоқсанда КСРО-дан тәуелсіздік алғаннан кейін басшысы ретінде Нұрсұлтан Назарбаевты сайлағаны мәлім. Президенттің ант қабылдау сәтіндегі сөздері романда келесідей оқырманды терең толқынысқа бөлейтін әсерлі айшықтаулармен берілген.

«Мәңгілік ел – ата-бабалар армандаған мемлекет» құрылымдық моделі. Президент Н.Назарбаев 1992 жылы алғаш рет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының мінберінде Қазақ елінің атынан сөз сөйлейді. Осы сәт көркемдік мекен ретінде таңдап алынған әуе кеңістігінде – ұшақта Н.Назарбаевтың ой елегінен қайта өткізіліп, кейіпкер ерекше әсер, күйге бөленеді.

Д.Досжанның «Ақ Орда» романында шығарманың сюжеттік желісіне тартылған оқиғалар жиыны өтетін кеңістік тәуелсіз атанған Қазақстан жері болғандықтан, республикалық, жаһандық келісімдердің барлығы бейбіт түрде бітімге келген диалог формасында, қағаз жүзіндегі келісімшарттар аясында жүзеге асып жатады. Қазақ халқына тәуелсіздікті алудың оңайға соқпағанын алға тартсақ, ал енді осынау баға жетпес құндылықты ақпараттық-технологиялық, сандық білім ғасырында ұстап тұрудың өзі қиын жағдай екені түсінікті. Бұл тұста халыққа жеті жұрттың ілімін игеріп, тілін тапқан, жаһандық тәжірибе мен саясатты жан-жақты сараптай алатын сарабдал басшының қажеттілігі мәлім. «Ақ Орда» шығармасында реалды тіршіліктегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың көркем бейнесі сан қырынан көрініс тауып, басшы тұлғасымен сәйкесетін тұстар жиі кездеседі.

«Ақ Орда» романында «Мәңгілік ел» концепті тәуелсіздік кеңістігіндегі Қазақстан мемлекеті бейнесінде жүзеге асқан. Туындыда автор Елбасы мен мемлекет ұғымдарын тұтастықта кескіндей отырып, Президент Н.Назарбаевтың бірінші кезекте халықтың әл-ауқат жағдайын жақсартуды көздеген әрі оны жүзеге асырған жоспарларын сатылы түрде көркем баяндайды. Шығарманы оқыған оқырмандар Қазақстанның 1991-2005 жылдар аралығындағы әлеуметтік-саяси, мәдени-діни, экономикалық салалары бойынша жан-жақты көркем ақпаратқа қол жеткізеді.

Қорыта айтқанда, Д.Досжанның «Ақ Орда» романында «Мәңгілік ел» көркем концепті когнитивтік модель және концептілік типтер негізінде құрылымдалған. Сонымен қатар қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дискурсындағы «доминант сөздер» арқылы «Мәңгілік ел» концептінің өзекті әрі шеткі қабаттарын айқындауға тырыстық. Туындыдағы бірде Нұрсұлтан, ал бірде Нұрсұлтан Назарбаев, келесі тұста Нұрсұлтан Әбішұлы деп аталатын кейіпкерді – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың прототипіне құрылған бейнені инвариант ретінде «Мәңгілік ел» көркем концептінің мәндік аясын кеңейтетін кілт сөздер қатарына кіргіздік. Өйткені уақыт бедерінде өзінің мән-мазмұнын жоғалтпайтын, Қазақстанның бірінші Президенті ретіндегі көркем бейнесінің әдебиет тарихында тұрақталып қалуына осы романның қосатын үлесі мол деп есептейміз.

Айнұр АХМЕТОВА,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Көреген басшы, салиқалы саясаткер



данғаннан кейін, осы жылдың 5 қазанында саяси алпауыттар арасында сөз алған Назарбаев авторлық позицияда осылай суреттеледі. Президенттің реалды өмірлік тәжірибесіндегі оқиғалар шыннайы деректер арқылы көркем кестеленген.

Автор туындыда кейіпкердің ішкі әлеміне еркін бойлау үшін аналитикалық психологизмнің «түс көру» тәсілін қолданады. Мысалға, «Ылғи түсімде тауға шығып бара жатқанын көремін», – делінеді. Реципиентке Н.Назарбаевтың болашақта жүзеге асатын мемлекет басшысы болғанын шығармадағы әжесі ретінде сомдалған Тәтебаланың түс көруі арқылы аллюзиялайды. Президенттің әжесі Мырзабаланың есімі туындыда Тәтебала деп өзгертіп алынған. Ал әжесі Әбіш пен анасы Әлжан есімі, өзге де саяси танымал тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің аттары өзгеріске ұшырамай, сол күйінде кірістірілген. Немере ағасы Үмбетбайдың студент әрі жұмыскер Нұрсұлтанға метафоралау әдісімен «алтын кездікке» ұқсатуы және дененің жеке мүшесі көзге көркемдік қуат дарыту арқылы оны «жанып тұрған барыстың көзіне», алмасқа балауы теңеу әдісі негізінде жүзеге асқан («Мен білсем, Әбіштің осы баласы қап түбінде жатпайтын кездік секілді»; «Көзінің отын көрмейсің бе, атылатын барыстың көзінде жанып тұрған»). «Президент жанары – алмас секілді, жер үстін жеті мың метрлік биіктен шолады».

ақылды, алғыр, көреген қырларымен ассоциацияланып жатады.

Жазушы Д.Досжан Президент туралы романында Н.Назарбаевтың күнделік, сұхбат-естеліктері, еңбектері, басқа да ол жайында жазылған ақпарат, деректерді көркемдік материал ретінде молынан пайдаланғаны айқын аңғарылады; «Тарихи, өмірлік негіздері мол көркем туындыларда авторлық идея, шынмен де, нақты ғұмырнамалық деректер тізбегіне белгілі бір дәрежеде тәуелді. Себебі көркем дүние жасауға жетелейтін шығармашылық қажеттілікті сезінудің өзі бұл тұста, ең алдымен, тарихи тұлғаның реалды өмірбаяндық бейнесіне, тұлғалығына деген қызығушылықтан бастау алады». Кейіпкердің елді басқару қызметіне келу сатылары, әлемдік өлшемдегі күрделі мәселелерді шешетін деңгейге жетуі, яғни елді басқарудың сан алуан қыр мен сырын меңгеруі қажырлы еңбек, интеллектуалды білім-біліктің, ізденістің нәтижесінде іске асады.

Қазақстанның болашағына қатысты республикалық және әлемдік кеңістікте өрбитін ірі, ауқымды оқиғалар аясында Н.Назарбаевтың прототипіне негізделген саясаттағы, мәдениеттегі бейнесі айқын танылады. Әсіресе медиа әлемде жиі көрінетін, айтылатын, талқыланатын жаһандық ядролық, лаңкестік мәселелерді реттеуге қосқан үлесі өзгеше әдеби-эстетикалық, діни-философиялық авторлық пайым-

күрмеуі қиын мәселеге ұласқан әлеуметтік-қоғамдық жағдайын шешетін, ілгерілететін халықаралық келіссөздер осы мекеншақта өтіп жатады. Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, АҚШ-тан тартылған инвесторларға отандық ірі-ірі компанияларды пайдалануға беріп, осының арқасында қазақ қоғамында жұмыс күшін молайтуды инвесторлардан түскен қаржыны мемлекеттік қазынаға кіргізуді жоспарлаған т.б. Қазақ азаматтарының әл-ауқатын жақсартатын ауқымды келісімдер аясында автор шығарманың кейбір тұстарында Н.Назарбаевтың идеалды образын сомдауға тырысқан.

Туындыда автор Қазақстандағы, жаһандағы саяси-әлеуметтік, мәдени-діни жағдайларды оқиғалық эпизодтарға айналдыра отырып, «тұрақтылық моделі» түсінігі аясында көркем ой қорытады. Шығарма кейіпкері Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында өткен әлемдік діндердің танымал өкілдері мен жетекшілері қатысқан халықаралық жиында жер жүзінде діни келісім орнату арқылы «тұрақтылық моделін» қалыптастыруға болатыны жайында нақты ой-тұжырымдар ұсынады. Жиынға қатысушылар Қазақстан Президентін осы модельді қалыптастырушы бірден-бір тұлға әрі әлемде тыныштық пен бейбітшілікті тұрақтандыруға үлес қосқан салмақты саясаткер ретінде тани бастайды.

«Мәңгілік ел» – тәуелсіз ел» моделі. Қазақ елі 1991 жылы 16 жел-

Тұңғыш Президент қоры жастарға қолдау көрсетіп жүрген ұйымдардың алдыңғы қатарында. Соның ішінде стартап жобасының жүзеге асырылуын көздеген жас ғалымдар да осы қордың көмегіне жүгіне отырып алғашқы қадамын жасайды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты Майя Сүйіншалиева да қордың стипендиаты. Әріптесі Әйгерім Білембаевамен бірге 2018 жылдан бері еліміздегі туризмді дамытуға бағытталған жобада жұмыс істейді.

Майя СҮЙІНШАЛИЕВА:

Халықаралық аренаға жолдама

тықтар өз алдарына жеке-жеке жұмыс істеуде. Біз осы проблеманы көріп, оның заманауи шешімін ұсынып отырмыз. Сондықтан баршаға ортақ цифрлық платформа жасап шығардық. Мұнда кез келген адам тіркеліп, қызметтерді пайдалана беруіне болады, – деп түсіндірді Майя ханым.

Оның айтуынша, команда жобаның моделін жасап, жоспарын құрып шыққан. Ендігі кезекте IT мамандары платформаның бағдарламасы бойынша жұмыс істеуде.

– Осы жоба аясында ғылыми зерттеулер де жүргіздік. Мәселен, мен «Қазақстан экономикасын цифрландыру бойынша туризм саласындағы инновациялық менеджменттің дамуы» атты тақырыпта диссертация жазып жатырмын. Бұл біздің жобамызбен тікелей байланысты. Елімізде туризм қалай дамып жатыр және ол үшін қандай жаңа технологияларды пайдалану қажет деген сұрақтарға жауап іздеймін. Сонымен бірге Елбасының бастамасымен жүзеге асырылған «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы мен «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында қойылған мақсаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс істейміз, – дейді Тұңғыш Президент қорының стипендиаты.

Ғылыми жобаларды жүзеге асырудың машақаты көпшілікке таңсық емес. Осы тұрғыда Майя Сүйіншалиева неліктен қордың стипендиясына үміткер болуға өтініш білдіргенін де түсіндіре кетті.

– Өйткені қаржыландыру жағынан немесе грант бөлу арқылы бастамаға қолдау көрсетушілерді



табу көбіне қиынға соғады. Сондықтан біз Тұңғыш Президент қорына өтініш жолдаған болатынбыз. Себебі осы бағытта ары қарай жұмыс істеп, жобаны дамытуды жоспарлаған едік. Ғылыми мақалалар жазып, оны рейтингі жоғары халықаралық журналдарда жариялауды көздедік. Халықаралық конференцияларда жариялану мәселесі де қаражатқа келіп тірелді. Мемлекет тарапынан ғылыми жобаларға қолдау көрсету өте маңызды. Осы жағынан алғанда, Тұңғыш Президент қорының гранты көп көмектесті

деп айта аламыз және әріптестерімнің атынан алғыс білдіргім келеді, – деп ағынан жарылды.

Стипендия иегерлері туризмнің сандық мазмұнын жаңарту бойынша «Қазақстан экономикасын диверсификациялау» деген жоба жасап шыққан.

– Осы тақырыпта жазған ғылыми мақаламызда отандық туризмді дамыту туралы сөз қозғадық, – дейді Майя ханым. – Ғылыми-зерттеу жұмысы негізінде 400-ге жуық адамнан сауалнама алынды. Оның ішінде түрлі туристік мекемелер, туристер мен қара-

пайым Қазақстан азаматтары бар. Көпшілігіміз қонақүй, әуе компаниялары мен ресторандардың қызметін жиі пайдаланатынымыз жасырын емес. Болашақта бұл маркетинг секілді өнімге айналуы мүмкін. Ал әзірге сауалнама нәтижесі бізге осындай өнімнің қажеттілігін көрсетіп берді. Сонымен бірге сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып жазылған мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін, рейтингі жоғары журналда жарияланды. Финляндиялық жетекші Айджаз Ахмед Шейхтің нұсқауымен ғылыми зерттеулерге көмектесетін технологиялар, оның ішінде SmartPLS бағдарламасын қолданып талдау жасадық. Бұл бағдарлама мәліметтерді өңдеуде көп көмегін тигізеді. Яғни автоматты түрде түзетулер енгізіп, респонденттердің санын, олардың қандай қосымшаларды пайдаланатынын көрсетіп береді.

Оның айтуынша, еліміздегі туризм саласы дамудың бастапқы сатысында деп айтуға келмейді.

– Әрине, Испания, Италия, Финляндия, Америка секілді туризмді дамыған елдермен салыстыруға әлі ерте. Ал біз енді ғана әлемдік аренаға шықтық деуге болады. Көптеген елдерде Қазақстан десе, танып жатады. Мұның өзі көңілге қуаныш ұялатады. Отандық туризм осылайша жаңа кезеңге аяқ басты деп айта аламыз, – дейді стипендиат.

Демек, осы бағытта ары қарай жұмысты жалғастыруымыз қажет. Ең бастысы – инфрақұрылым, қызмет көрсету саласындағы негізгі мәселелердің шешімін табу.

Кәмила ДҮЙСЕН

«Болашақ» баянды байланыстарға жол ашты

Қазақстандық бір топ студент 1994 жылы тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына аттанған болатын. Бұл Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Болашақ» бағдарламасы берген мүмкіндік еді. Елбасының халықаралық стипендия туралы жарлығы 1993 жылдың 5 қарашасында жарияланды. Осылайша талантты да талапты жастарға қамқорлық жасаған мұндай бағдарламаны бұрынғы 15 одақтас республика ішінен тек Қазақстан ғана қабылдады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мұндай қадамын тарихи шешім ретінде бағалау қажет. Міне, содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Ел көріп, жер таныған қазақтың өрімдей жастары бүгінде мемлекет тізгінін қолға ұстап отыр. Олар АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланд, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швейцария сияқты озық мәдениетті, өркениетті елдерде білім алды.



білім алуда. Поляк жастарының 85 пайызынан астамы бір немесе екі шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін жетік біледі. Шетел тілдерін оқыту Адам Мицкевич университетінде жақсы жолға қойылған. Оқу орнында қазақ тілі де оқытылады. Оның ғылыми-әдістемелік негізін белгілі ғалым, филология ғылымы-

ның докторы, профессор Хенрик Янковский қалаған.

Өзім тағылымдамадан өткен университеттің маңдайалды факультеттерінің бірі – саяси ғылымдар және журналистика факультеті журналистика, саясаттану, халықаралық қа-

тынастар мамандықтары бойынша кадрлар даярлайды. Бакалавриат, магистратура, докторантурада 4000-дай студент білім алуда. Оқу ордасында 90-нан астам оқытушы, соның ішінде 31 доктор мен профессор жұмыс істейді. Сондай-ақ өзге факультет-

терден, Познаның өзге жоғары оқу орындарынан ғалымдар мен кәсіптік орта өкілдері сабақ беруге шақырылады. Практиктер арасында белгілі журналистер, жарнама агенттіктерінің мамандары мен баспасөз хатшылары жетерлік.

Факультет 28 шетелдік оқу орнымен байланыс орнатқан. Мен тағылымдамадан өткен кезеңде қазақ журналистері де Польшаға ат басын бұра бастады. Мәселен, Жұмабек Кенжалин, Сапарбай Парманқұлов сынды белгілі қаламгерлеріміз келіп, сол елдің университеттерімен және кәсіпорындарымен танысып қайтты. Сондай-ақ Познань университетінің проректоры, саясаттану ғылымының докторы, профессор Тадеуш Валлас мырза бастаған бір топ журналист-ғалымдар Алматыға қарымта сапармен келіп, ғылыми басқосуларға қатысты. Делегация қаламыздың жоғары оқу орындарында болып, оқытушы-профессорлар құрамымен және студенттермен жүздесті. Сөйтіп, екі ел ғалымдары мен қаламгерлері арасындағы баянды байланыстарға негіз қаланды.

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ,
журналистика факультетінің профессоры

Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге арналған тағылымдама бағдарламасы бойынша мен 2012/13 оқу жылында Польша Республикасының іргелі жоғары оқу орындарының бірі – Адам Мицкевич атындағы Познань университетінде тәлім алдым. Университеттің 15 факультетінде бүгінде 47 мыңнан астам студент

В этом году Республика Казахстан празднует 30-летие независимости. Юбилей – это всегда время подведения итогов и определение задач и основных направлений дальнейшего развития страны.

Как подчеркивают в своих выступлениях государственные и общественные деятели, представители различных слоев гражданского общества Казахстана, отечественные и зарубежные исследователи ведущая роль в обретении Республикой независимости, в становлении и развитии экономики, законодательной базы, государственного механизма, общественного сознания и духовности принадлежит Лидеру Нации – Елбасы Н.А.Назарбаеву. В своей книге «Времена и думы» Первый Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев писал: «Независимость Казахстана – не подарок судьбы казахам, а выстраданное заслуженное право строить свою государственность на своей исконной земле. Сегодня мы – успешное государство с собственным лицом, спецификой и маршрутом развития. Наше главное достижение – построение независимого Казахстана. Без глубокого чувства любви к своей стране и подлинного патриотизма нет настоящего гражданина, настоящего человека... Быть патриотом – не просто гордиться нашим Казахстаном, но в первую очередь – не щадить себя, защищая интересы Казахстана, работать на его благо».

Дина БАЙМАХАНОВА,

Д.ю.н., доцент кафедры ТГП, конституционного и административного права



Время подводить итоги

Как отмечал Президент Республики Казахстан К-Ж.К.Токаев на первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан: «Мы должны отметить 30-летие Независимости конкретными делами и проектами, в которых улучшение благополучия людей выступает в качестве главной цели всех наших усилий».

Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелович Токаев отметил достигнутые Казахстаном успехи за время независимого, суверенного развития и поставил конкретные задачи развития государства и гражданского общества в современный период. В частности, Президент отметил особую роль молодежи в развитии творческого потенциала страны. «Сегодня на международном уровне Казахстан успешно продвигают наши молодые ученые, певцы, музыканты, актеры, дизайнеры и представители других творческих профессий. Нам важно также акцентировать внимание на вовлечение юных талантов в процессы развития страны. Каждый из них должен ощутить свою причастность к успехам Родины, почувствовать гордость за ее достижения», сказал Президент К-Ж.К.Токаев в своем выступлении на первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия Независимости Республики Казахстан.

КазНУ им. аль-Фараби является флагманом высшего образования в Республике Казахстан, в котором получают знания будущие строители независимого, экономически развитого, современного государства, устремленного в будущее. КазНУ им. аль-Фараби с момента обретения Казахстаном независимости внес и вносит огромный вклад в укрепление его экономической основы, в развитие государственных институтов и демократических процессов в обществе.

На юридическом факультете КазНУ им. Аль-Фараби долгие годы трудились такие известные ученые – классики юридической науки, которые внесли огромный вклад в развитие теоретических основ и практики становления независимости Казахстана, как Академики НАН РК С.З.Зиманов, С.С.Сартаев, Г.С.Сапаралиев и др. В настоящее время профессор-

ско-преподавательский состав всех кафедр юридического факультета осуществляет большую работу по подготовке высококвалифицированных кадров для правоохранительных и других государственных органов, по формированию эффективной государственной службы, по развитию правовой науки, по формированию правовой культуры и правосознания граждан.

Поэтому неслучайно в КазНУ им. аль-Фараби, ведущем высшем учебном заведении страны 31 мая 2021 года была проведена Международная научно-практичес-

ко-преподавательский состав всех кафедр юридического факультета осуществляет большую работу по подготовке высококвалифицированных кадров для правоохранительных и других государственных органов, по формированию эффективной государственной службы, по развитию правовой науки, по формированию правовой культуры и правосознания граждан.

ко-преподавательский состав всех кафедр юридического факультета осуществляет большую работу по подготовке высококвалифицированных кадров для правоохранительных и других государственных органов, по формированию эффективной государственной службы, по развитию правовой науки, по формированию правовой культуры и правосознания граждан.

16 ДЕКАБРЯ 1991 ГОДА БЫЛ ПРИНЯТ КОНСТИТУЦИОННЫЙ ЗАКОН «О ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ РК». В ЭТОМ КОНСТИТУЦИОННОМ ЗАКОНЕ ВПЕРВЫЕ ПРОВОЗГЛАШАЛАСЬ НЕЗАВИСИМОСТЬ, В НЕМ ПОЛУЧИЛИ ЗАКРЕПЛЕНИЕ ЭЛЕМЕНТЫ, ПРИСУЩЕ НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ: ЕДИНОЕ ГРАЖДАНСТВО, ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ОБОСОБЛЕННОСТЬ, САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ, САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СИСТЕМА, СООТВЕТСТВУЮЩАЯ СТАТУСУ НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА, НАЛИЧИЕ СОБСТВЕННЫХ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ. ТЕМ САМЫМ КАЗАХСТАН ВХОДИЛ В МИРОВОЕ СООБЩЕСТВО КАК САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВО.

кая конференция, посвященная 30-летию независимости Республики Казахстан «Политико-правовые и экономические вопросы становления государственной независимости Республики Казахстан: история и современность», в которой приняли участие государственные деятели, депутаты Парламента РК, представители государственных органов, известные ученые, видные представители научной общности Казахстана. В выступлениях участников конференции проводился анализ истории становления и развития суверенитета и независимости Республики Казахстан, исследовались проблемы и перспективы дальнейшего поступательного развития государства и гражданского общества.

В своем выступлении ректор Казахского Национального Университета им. Аль-Фараби Ж.К.Туймебаев коснулся исторических аспектов становления и развития

суверенитета и независимости Республики Казахстан. Он отметил, что конституционно-правовое закрепление независимости Казахстана было заложено тремя нормативными актами в начале 90-х годов. Первым таким актом являлась Декларация о государственном суверенитете КазССР от 25 октября 1990 года.

В Декларации впервые провозглашалось, что КазССР является суверенным государством, которое добровольно объединяется с другими республиками в СССР и строит взаимоотношения с ними на договорной основе.

конституционного характера, который приостановил действие основных норм Конституции СССР и положил начало самостоятельному, независимому развитию.

10 декабря 1991 года был принят еще один акт, внесший существенный вклад в укрепление государственности РК – Закон РК «Об изменении наименования КазССР». Хотя этот закон не назывался конституционным, он фактически был таковым, так как вносил изменения в Конституцию КазССР и Декларацию о государственном суверенитете. Значение этого закона в том, что с наименования республики была снята классовая основа государственной организации.

16 декабря 1991 года был принят конституционный закон «О государственной независимости РК». В этом конституционном законе впервые провозглашалась независимость, в нем получили закрепление элементы, присущие независимому государству: единое гражданство, территориальная обособленность, самостоятельная система государственных органов, самостоятельная экономическая система, соответствующая статусу независимого государства, наличие собственных Вооруженных сил. Тем самым Казахстан входил в мировое сообщество как самостоятельное государство.

На конференции выступил Председатель Конституционного Совета РК К.А.Мами, который отметил значимость развития института конституционного контроля для укрепления суверенитета и независимости Казахстана. «Все эти годы деятельность Конституционного Совета была нацелена на полноценную реализацию конституционных ценностей... Своими решениями Совет внес заметный вклад в формирование нынешнего конституционного строя, при котором государство подчиняется правам и законным интересам личности. Теоретические модели составляющих его элементов, характеризующие форму организации, устройство государства и общества, стали частью повседневной жизни. За прошедшие годы в Конституционный Совет поступило свыше 200 обращений: от Главы государства – 26, от председателей Палат Парламента и

его депутатов – 78, Премьер-Министра – 27, судов – 69».

Председатель Агентства по делам государственной службы РК А.Н.Жаилганова обратила особое внимание на поручения, данные Президентом РК в своем Послании 1 сентября 2020 года. В условиях Чрезвычайного положения и строгого карантина управление работало на максимальных оборотах, как подчеркнул Глава Государства, и выявило некоторые острые проблемы. Для их решения необходимо усовершенствовать и реформировать институт государственной службы. В текущем 2020 году необходимо сократить корпус государственных служащих на 10%. В следующем 2021 году на 15%. Это сокращение позволит оптимизировать работу государственных органов и послужит стимулятором укрепления компетентности и профессионализма государственных служащих. В конечном итоге это позволит упрочить внедрение в институт государственной службы принципа меритократии, как общепризнанной мировой тенденции. Необходимо формировать в государственных служащих, на этапе обучения в вузах, такие качества как патриотизм, смелость и умение работы с обществом.

В конференции также приняли участие зарубежные гости: Пьер Тифин – Заместитель директора Института исследований эволюции нации и государства (IRENEE) Университета Лотарингии, Властимил Самек – Представитель Департамента Глобальных Коммуникаций ООН, Б.Д.Рысмендиев – ректор Кыргызской Государственной юридической Академии. Иностранные участники конференции отметили достижения Казахстана за годы независимости, а также важную роль Казахстана как партнера на международной арене.

Проведенная в КазНУ им. Аль-Фараби Международная научно-практическая конференция, посвященная 30-летию независимости Республики Казахстан, явилась плодотворной площадкой для обмена мнениями разных представителей гражданского общества по актуальным вопросам становления и развития суверенитета и независимости Казахстана.

Марсқа ұшқан Илон Масктың электрөкілеттері Қазақстанға да келіп жетпек. Бұл туралы америкалық авантюристің өзі жаһанға жария етті. Демек, тоқпен қозғалатын темір тұлпарлар әп-сәтте нарыққа еніп, көлік қатынасын қайта қарауға мәжбүр етері анық. Дәл электрлі самокаттардың жол апатына себеп болғаны секілді. Бірақ проблеманың алдын алудың бір жолы бар. Ол – ғалымдардың сөзіне ел болып құлақ түру. Бүгінгі сұхбатымыз арқылы біз осы міндеттің үдесінен шығуды көздеп отырмыз.



Электромобильдер дәуіріне дайынбыз ба?

Қазақстанның ғылыми қоғамдастығы арасында және қоғамда көп уақыттан бері Электрлі көліктерді зерттеу бойынша құзыреттілік орталық құру туралы сөз болған. Бұл туралы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылыми-технологиялық паркінің бас ғылыми қызметкері Руслан Өтебаев айтып берді.

– Тарихына үңілсек, Қазақстанда электромобильдер 2011 жылдан бастап дамыды. Менің электромобильмен жүргеніме жеті жыл болды. Ол кезде мұның не екенін ешкім білмейтін және оның дамитынына ешкім сенбейтін. Қоғам оны ойыншық секілді деп қабылдады. Адамдардың қызығушылығы басылған соң, барлығы ұмыт болар деп ойлады. Бірақ қаласақ та, қаламасақ та, бұл маңызды жоба ретінде өмірімізден орын алады. Мен үнемі электромобильдерді ұялы телефондармен салыстырамын. Алғашқы кезде, 2000 жылдары ұялы телефондардың болашағы бар дегенге ешкім сенбеді. Қымбат болды. Ал қазір смартфондар өміріміздің бір бөлшегіне айналып кетті. Нәтижесінде біз күтпеген мәселелер пайда болды. Мысалы, балалар таңнан кешке дейін телефонға телміріп отырады. Дәл сол секілді электромобильдер көбейген сайын, күтпеген қиындықтарға тап болуымыз мүмкін, – дейді ғалым.

Оның айтуынша, Электрлі көліктерді зерттеу бойынша құзыреттілік орталық құру өте тиімді шешім. Өйткені орталықтың басты міндеті – жалпыға түсіндіру. «Электромобиль дегеніміз не, оны қалай қолдану керек?» деген сұрақтарға жауап береді.

– Қазақ «Әр нәрсенің өз орны бар» деген сөз бар. Сол секілді қазіргі таңда электромобильдердің оң және теріс тұстары көп талқыға түсуде. Егер шын таразылап қараса, кей тұста ол тиімсіз болса, ендігі бір жерде қолайлы. Мәселен, экологиялық таза көліктер қала ішінде қатынауға арналған. Қазақстанның аумағы өте үлкен екенін білесіз, сондықтан қала арасында жол жүруге қолайсыз. Енді мынадай сұрақ туындайды: «Онда электромобильдердің өміріміздегі орны қандай?» Сарапшылармен талқылай келе,



бұл жалға берілетін көліктер саласында көбірек тиімді болар деп шештік. Бірақ кейбір азаматтар «қалада айдау жеткілікті, алыс аймақтарға пойыз немесе ұшақпен де баруға болады» деген ойда. Әрине, әр алуан пікірдің болуы заңдылық деп қабылдауымыз керек, – дейді Руслан мырза.

Маманның айтуынша, 2015 жылдары электромобиль айдап жүрген адам өзін бір үлкен экологиялық қозғалыстың мүшесі санайтын. Бұл бір қызығушылықтарына қарай бөлінетін клубтар секілді болды. Қазір кейбір сарапшылар 2017 жылдан бастап экологиялық таза көлікке отырғанын айтып, халық арасында жаңсақ пікір қалыптастырып жүр. Өйткені адамдар елімізде 2017 жылдан бастап қана осындай темір тұлпарлар жүре бастады деп ойлауы мүмкін. Бірақ біздің ғалымдар 2011 жылдан бері осымен шұғылданып келеді.

– Ол кезде бізге ешкім құлақ асқан жоқ. Мәселен, мен 2015 жылы электромобиль алдым, сол жылы біз қуат беретін станса орнаттық. Университет қабырғасында жұмыс істегендіктен, оқу ордасы бізді барлық конференциялар мен шараларға қатысуға міндеттейтін. Бірақ қатысушылар мүлдем қызығушылық танытпай-

тын, ешкім сені тыңдамайды. Сондықтан кейде салымыз суға кететін. Ал адамдарға түсіндіре бастасаң, «Қазақстан электрөкілеттеріге жету үшін әлі талай уақыт қажет» деп қолын бір сілтейтін. Ал қазір сол кездегі ғылыми қауымдастықтың еңбегі көрінбей қалды. Бірақ оның барлығы интернетте тұр. Бүгінде осындай азаматтарды көргенде күліп қана қараймын. Өйткені бес жыл бұрынғы алып-ұшып, бар күш-жігерімді салып электромобильдерді насихаттаған өзімді көремін. Сосын, әр нәрсенің өз уақыты бар екенін түсінемін, – дейді Руслан Өтебаев.

Ғалым 2014 жылы алғаш рет «Қазақстандағы электромобильдердің интеграциялық мүмкіндіктері» атты ғылыми-зерттеу жұмысы жүзеге асырылғанын тілге тиек етті.

– Жоба барысында жоғарыда атап өткен сауалдарымызға жауап іздедік және қажетті фактілерді таптық. Ал 2015-16 жылдары қуат беру инфрақұрылымдарын зерттеп, 2015 жылы бірінші қуат беру бекетін орнаттық. Оның үстіне бұл шетелдік емес, толығымен өзіміздің ғалымдар құрастырған отандық өнім болды. Оған патент те алдық. Бақылау орнаттық, платасын жасадық. Екі жыл бойы ол

университет аумағында орналас-ты. Адамдар келіп, көліктерін қуат көзіне қойып кете баратын. Кейін оны алып тастауға тура келді. Өйткені оқу ордасының территориясы жабылды, – дейді ол.

Руслан мырза алғашқы кезде қуат беру бекеті еркін, ешқандай ақысыз болуы керектігін сөз етті.

– 2016 жылы Polytech Electronics ЖШС-ін аштық. Политех – бұл көптехнологиялы дегенді білдіреді. Яғни біз әртүрлі технологиялардың электрони-касымен шұғылданамыз. Quat-Point қуаттау стансасын жасап шығардық. Осы уақытқа дейін Қазақстан бойынша 20-30 станса саттық. Қазіргі таңда ол Нұр-Сұлтан, Алматы және Ақтөу қалаларында орналасқан. Отандық бір кәсіпкер өз қалтасынан төлеп, бізден сатып алған қуат беру бекеттерін Нұр-Сұлтан қаласында тегін орнатып жатыр, – деп атап өтті ғалым.

Он жылға жуық уақыт зерттей келе, мамандар мынадай мәселелер барын анықтаған екен. Соның ішінде ең біріншісі – электромобильдер саласында құзыретті білімнің болмауы. Руслан мырза:

– Ол үшін ешкімді де кінәлай алмайсың. Өйткені бұл туралы насихат өте аз. Екінші мәселе – қымбатшылық. Мәселен, орташа табысы бар азаматтар «15-20 миллион теңге тұратын автокөлікті сатып алуға қаражатым жетпейді» деп жатады. Tesla-ның бағасы – 30 млн теңге. Әрине, бұл барлығына бірдей қолжетімсіз. Ал шындығына келер болсақ, Tesla-дан басқа да брендтердің тоқпен жүретін көліктері бар және ол едәуір арзан екенін айтсақ, адамдар таңғалады. Меніңше, қымбат электромобильдердің кері әсері көбірек болған сияқты. Өйткені олар кеңінен жарнамаланды да,

қарапайым азаматтар арасында «электрөкілеттер қымбат» деген жаңсақ пікір қалыптастырды. Мысалы, ешкім ғарыш аппараттарын зерттемейді, өйткені ешқашан ғарышқа ұшпайтынын біледі. Сол секілді адамдар да «бұл қолжетімсіз, оны зерттеп қайтеміз» деген оймен жүреді. Міне, ең үлкен қателік осы жерден шығады, – деген ойымен бөлісті.

Ғалымның сөзіне сенсек, Қытайда осы қателіктің алдын алып, бірден нарыққа арзан электромобильдерді шығарған екен. Ал бағасы 3-4 миллион теңгенің айналасында болады.

– Нәтижесінде қазір бұл елде мұндай көліктер қаптап жүр. Қуат беру бекеттерінің өзі 800 мыңға жуықтайды. Енді электрөкілеттердің қаншалықты көп екенін елестетіп көріңіз. Бұл мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде жүзеге асты. Үшінші мәселе – елімізде электромобильдерді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаның жоқтығы. Нәтижесінде нарық бейберекет күйде. Кім сатып алғысы келеді, сол алады. Ал олардың көбісі бақауатты азаматтар, – дейді ол.

Руслан мырза электромобильдер қазақша ақпараттық қолдауға мұқтаж екенін де жасырмады.

– Еліміздегі орыстілді және қазақтілді азаматтардың арасында да экологиялық таза көліктерге деген ұстаным екі түрлі. Орыстілді ақпарат көп, ал қазақ тілінде жоқтың қасы. Сондықтан біз қазақтілді аудиторияны осы туралы пайдалы мәліметтермен толық қамтамасыз етуге тиіспіз. Өйткені отандастарымыз мұндай көлік түрінің арзаны және қымбаты бар екенінен хабардар болса дейміз. Оның үстіне арзан көлік сапасыз дегенді білдірмейді, – деді маман.

Орталықтың бас ғылыми қызметкерінің айтуынша, ескеруіміз тиіс тағы бір жайт бар екен:

– Электромобильдердің қарапайым көліктерден айырмасы – бөлшектері аз. Олар: қозғалтқыш, батарея, көліктің қаңқасы. Ал ішкі жану қозғалтқышы бар көліктердің сапалысы, сапасызы болады, өйткені бөлшектері өте көп. Ал электромобильдерді сапасыз етіп жасау қиын. Себебі қозғалтқышы стандартты, батареялары бірдей. Электрөкілеттердің бағасына батареяның көлемі ғана әсер етеді. Мәселен, Tesla 300-400 шақырым жүруге жарайды. Ал көптеген зерттеулер қалалық тұрғындар күніне 100 шақырымнан артық жүрмейтінін дәлелдеп берген. Сол үшін осындай қашықтыққа жүруге жарайтын арзандау электрөкілік алған әлдеқайда тиімді.

Неліктен мекеме электромобильдер орталығы емес, электрөжетекті көлік құралдары деп аталды? Осы сауалға да жауап алдық.

– Өйткені электромобильдер электрмен жүретін көлік құралдарының ішіндегі бір ғана сала секілді. Сонымен бірге оның қасында самокаттар, гироскутерлер, электрорикштер де бар. Электрорикш дегеніміз – салмағы 500 келіден аспайтын электромобильдер. Пандемия басталған кезде осы электрорикштерге деген сұраныс күрт артты. Өйткені жеткізу саласы бірден дамып кетті, – дейді Руслан Өтебаев.

Ғалым бүгінде бізге де осы көлік түрлері келіп жатқанын айтты. Соған сақалдай сай болуымыз үшін құзыреттілік орталық зерттеп, мамандар мен нормативтік-құқықтық базаны дайындап шығаруы қажет.



Алматының заңғар таулары алыстан көз тартады. Әсіресе асқақ биігімен мәнмұндайтын «Нұрсұлтан» шыңына еріксіз тамсанасың. Ол Іле Алатауында теңіз деңгейінен 4376 метр биіктікте орналасқан. Алып шаһардың кез келген нүктесінен анық көрінетін заңғар биік отандық альпинизмнің бастау шыңы.

«Нұрсұлтан» шыңы Богданович мұздығының бас жағында орналасқан. Мұздық шыңға ерекше әдемілік сыйлайды. Шыңның солтүстігінде – Қарлытау, шығысында – Аристов, батысында іргелес Қазақстан халқы Ассамблеясы шыңдары бар.

«Нұрсұлтан» шыңы шақырады



Н. Назарбаев «Абай» шыңында

шілдігі күнінде мұнда боранға тап болсаңыз, тіпті таңданбаңыз. Тау табиғаты сондай. Үскірік жел, шұғыл бұлттану, жаңбыр мен қар, найзағай – бәрі-бәрі мұнда жылдам. Ал шыңның ұшар басына шыққанда бұлттар да төменде қалады. Жетінші аспан көкжиегі ашылғандай әсер баурап алады. Бейне бір әлемнің күмбезінде отырғандай сезінесіз. Тек оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Шығып, көзбен көріп, сезіну керек. Міне, сонда ғана жаратылыстың тағы бір ғажайыбына куә болып, шың рухынан рухтанасыз хәм биікке құштар боласыз.

Шыңға шығу жолында барлық қатысушыларға әр бөлікте орналасқан бақылаушы-құтқарушы жасақ көмек көрсетіп тұрды. Барлық қиындықтарға қарамастан, шың басына біз де жеттік. Шың биігіне шығушылар қатарына біздің де есіміміз жазылды. Ал суреттер ғажайып! Шың үстіндегі және оған дейінгі аралықтағы тау массивтерінің тамаша көрінісі бір көрмеге татырлық дүние.

Биыл да «Нұрсұлтан» шыңына дәстүрлі альпиниада өткізіледі. Альпиниада салауатты өмір салтын ұстанып, жастар арасында спортты дамыту мақсатында жыл сайын ұйымдастырылады. Биыл альпиниада ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналады. Спорттық шараға қатысу үшін «Ashyq» мобильді қосымшасына тіркелу керек. Тіркелу тегін. Шара шілденің 4-ші жұлдызына белгіленген. Альпиниадаға қатысу үшін өзін-өзі қауіпсіздендіру белбеуі, жүйесі, баскиім (каска), күнге қарсы кремь, тауға және трекингке арналған бәтеңке, желге қарсы жылы күртке, жылы киімдер (қыстық), шаңғы таяқшалары, тағамдар мен су болуы керек. Жартасқа шығу жолына тек каска мен өзін-өзі қауіпсіздендіру белбеуі бар қатысушыларды ғана жібереді. Ендеше, достар, шыңға шығып, шынығып қайтыңыздар! Сәттілік!

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ



«Нұрсұлтан» шыңы

Шыңға бірінші рет 1930 жылы 17 шілдеде Г.Белоглазов бастаған топ шығып, дәл осы жылды Қазақстан альпинизмінің бастауы ретінде белгілеген. Ол кезде шың Кіші Алматы деп аталатын. Ал 1935 жылы 11 шілдеде Алматыда 1-Комсомолдық альпиниада өтіп, Кіші Алматы шыңы Комсомол атауына ие болады. Осы жыл дәстүрлі альпиниаданың бастау алған күні ретінде саналады. 1997 жылы 6 шілдеде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының туған күні құрметіне шың «Нұрсұлтан» деп аталатын болды. Шешімді осы күні өткен жаппай альпиниаданың қатысушылары қабылдаған.

Елбасымыз да Алатаудың асқар шыңына шыққан. Ол 1995 жыл болатын. ҚР Президентінің телерадиокешені мұрағатындағы видеоларда Елбасының сол жылы Іле Алатауының Кіші Алматы тау сілеміндегі 4010 метр биіктіктегі «Абай» шыңына көтерілгені көрсетілген. Онда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шыңның ұшар басына еліміздің мемлекеттік туын тіккен.

«Нұрсұлтан» шыңында альпиниаданың түрлі жарыстары өткізіледі. Соның бірі – жыл сайын шілде айында дәстүрлі түрде өтетін бұқаралық альпиниада. Іс-шараны жыл сайын Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы альпинизм федерациясы ұйымдастырып келеді. Оған 16 жастан асқан кез келген қызығушы қатыса алады. Ал жасы 14-тен 15-ке дейінгі балалар ата-аналарымен қатысуына рұқсат етілген. Бұл жылына бір рет келетін тамаша мүмкіндік.



Елбасы залы естеліктерге толы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы ҚР Тұңғыш Президент залы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған ел тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюының тарихы туралы материалдар жинақталған ағарту орталығы. Залдың негізгі міндеті – тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы және нығаю тарихы бойынша Елбасы туралы ақпараттық жиынтықтарды құру, толықтыру және сақтау. Мұнда 262 атаудан тұратын 426 дана кітап бар. Бұл кітаптар қатарында Елбасының жеке мұрағатынан алынған құжаттардың электрондық көшірмелері орналастырылған. Сондай-ақ қорда Президенттің құттықтау лебіздерімен қатар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымына жолдаған хаттарымен де танысуға болады.



– 1989 жылдан 2013 жылға дейінгі «Таңдамалы сөздер» жинағы орыс және қазақ тілдерінде басылған. Университет студенттері, аға оқытушылары аталмыш кітапты және Елбасының хронология томдықтарын көп сұрастырады. Бізде Елбасы кітапханасынан келген кітаптар да бар, олар – Қожа Ахмет Ясауидың томдықтары мен Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» кітаптары. 500 электронды кітап та осы залға тиесілі, – дейді Әл-Фараби кітапханасының директоры Қалима Төлесбайқызы.

Зал қорының негізгі дереккөздерінің бірі – Елбасы кітаптары мен Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарына арналған тарихи зерттеулерден тұратын материалдар. Онда Ұлт көшбасшысының мектеп және студенттік жылдары, еңбек жолы мен

қоғамдық-саяси қызметі туралы фотосуреттер, картиналар, мұрағаттық құжаттардың көшірмелері, баспа басылымдары мен шығармалары, бейнефильмдер кеңінен ұсынылған. Тұңғыш Президент залы интерактивті LED-панелімен, электронды флип-чартпен, мультимедиялық трибунамен жабдықталған.

– Елбасының жүріп өткен жолы, еңбектері, сол жайында жазылған естеліктер мен маңызды ақпараттар білім алушыларға қолжетімді. Бұл залда конференциялар мен форумдар өтіп тұрады. Қонақтарымызға кітаптарды таныстырып, қаласа интерактивті LED-панелімен деректі фильм де көрсетеміз. Келем деушілерге әрдайым есіміміз ашық, – дейді кітапхана директоры.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Біздің оқырман



Қайрат МӘМИ,
ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Түлектер қауымдастығының президенті

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Имидждік саясат және қоғаммен байланыс
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Кәмила ДҮЙСЕН,
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНИСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.